***Краткий агрометеорологический обзор за 1 декаду июля 2026 года.***

В первой декаде июля на юге и юго-востоке республики в районах возделывания озимых зерновых культур среднедекадная температура воздуха была в основном ниже нормы на 1°С и около нормы в отдельных районах Алматинской области и области Жетісу. В районах возделывания озимых зерновых культур осадки выпали в основном больше нормы.

На юге и юго-востоке страны на посевах в основном наблюдаются фазы развития «полная спелость», в Кербулакском районе области Жетісу, а также Толебийского района Туркестанской области «восковая спелость», в Жамбылском, Т.Рыскуловском и Шуском районах Жамбылской области, в Саркандском районе области Жетісу приступили к уборке озимой пшеницы, а также вблизи г.Шымкент Туркестанской области приступили к уборке озимой пшеницы и озимого ячменя.

На *юго-востоке* и *юг*е страны на посевах яровых зерновых культур в основном наблюдается фаза развития растений «молочная спелость»-«полная спелость», в отдельных районах на посевах ярового ячменя Алматинской и Жетысуской, областях «колошение», в Жамбылском, Кордайском, Меркенском и Шусском районах Жамбылской области приступили к уборке ярового ячменя. Состояние растений хорошее и отличное.

В *северной* части страны на посевах яровой пшеницы в основном наблюдается фаза развития «выход в трубку»-«цветение». На посевах ярового ячменя наблюдалась фаза развития «появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы»-«колошение», в районе Г.Мусрепова (агропост Новоишимский) Северо-Казахстанской области «молочная спелость» и в Карасуском районе (метеостанция Железнодорожный) Костанайской области «восковая спелость». Состояние яровых зерновых культур и посевов в основном хорошее и отличное, на отдельных участках удовлетворительное.

На *западе страны* на посевах яровых зерновых культур наблюдается фазы развития «колошение»-«молочная спелость», состояние растений в основном хорошее и отличное, на отдельных участках удовлетворительное.

На *северо-западе* страны в окрестности метеостанции Мартук Мартукского района Актюбинской области на посевах овса отмечается фаза развития «восковая спелость», состояние растений хорошее. На посевах ярового ячменя в Мартукском и Каргалинском районах «цветение», а в отдельных участках поздних посевов «выход в трубку», в Мартукском, Хромтауском и Айтикебийском районах на посевах яровой пшеницы наблюдается фаза развития «появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы»-«колошение», состояние растений в основном хорошее.

На *востоке* в Урджарском, Жарминском и Бородулихинском районах Абайской области на посевах яровой пшеницы фаза развития «цветение»-

«молочная спелость», в Жарминском районе на посевах ярового ячменя «восковая спелость». Состояние растений хорошее и отличное. В Восточно-Казахстанской области на посевах яровых зерновых культур наблюдается фаза развития «колошение»-«цветение», в Глубоковском (метеостанция Секисовка) районе «выход в трубку». Вблизи метеостанции Шемонаиха на посевах ярового ячменя, отмечалась фаза «колошение». Состояние растений хорошее и отличное.

В *центре* в Абайском районе Карагандинской области на посевах ярового ячменя наблюдается фаза развития «восковая спелость», в Нуринском, Каркаралинском, Актогайском, Осакаровском районах «колошение». В Каркаралинском, Осакаровском, Нуринском и Бухар-Жырауском районах на посевах яровой пшеницы отмечается фаза развития «колошение»-«цветение». Состояние растений в основном отличное и хорошее.

На востоке страны на посевах подсолнечника наблюдалась фаза развития «появление соцветий»-«цветение», на севере страны «появление соцветий». Состояние растений хорошее и отличное.

На юге страны на полях с хлопчатником наблюдается фаза развития «цветение». Состояние растений хорошее и отличное.

В Шиелийском районе Кызылординской области и в Каратальском районе области Жетісу на посевах риса наблюдается фаза развития «выход в трубку». Состояние растений хорошее.

На последний день декады общая оценка состояния растений-эдификаторов варьируется от удовлетворительного до отличного, на пастбищах состояние растительности на большинстве участков оценивается как удовлетворительное и хорошее, в отдельных районах Алматинской, Жамбылской и Мангистауской областей как отличное.

По результатам инструментальных определений запасов влаги в почве в первой декаде июля в зерносеющих регионах (Костанайская, Акмолинская, Северо-Казахстанская, Павлодарская, Западно-Казахстанская и Актюбинская области) умеренная и оптимальная влагообеспеченность в основном зафиксирована в полуметровом и метровом слоях почвы, в пахотном слое на большинстве наблюдательных участков продолжается снижение запасов влаги.

***2026 жылдың шілде айының 1 онкүндігіндегі қысқаша агрометеорологиялық шолу.***

Шілденің бірінші онкүндігінде республиканың *оңтүстігі* мен *оңтүстік-шығысында* күздік дәнді дақылдар өсірілетін аудандарда ауаның орташа онкүндік температурасы көбінесе Алматы мен Жетісу облыстарының жекелеген аудандарында нормадан 1°С төмен және нормаға жуық болған. Күздік дәнді дақылдарды өсіретін аудандарында жауын-шашын көбінесе нормадан көп болды.

Елдің *оңтүстігінде* және *оңтүстік-шығысында* күздік бидай егістіктерінде көбінесе «толық пісу» даму фазалары байқалады, Жетісу облысының Кербұлақ ауданында, сондай-ақ Түркістан облысының Төлеби ауданында «дәннің уыздануы», Жамбыл облысының Жамбыл, Т. Рысқұлов және Шу аудандарында, Жетісу облысының Сарқан ауданында күздік бидай егінін жинауға кіріскен, сондай-ақ, Түркістан облысы Шымкент қаласы маңайында күздік бидай мен күздік арпа жинау жімыстарына кіріскен.

Елдің *оңтүстік-шығысы* мен *оңтүстігінде* жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде көбінесе «дәннің сүттенуі»-«толық пісу», Алматы және Жетісу облыстарының жекелеген аудандарында жаздық арпа егістіктерінде «масақтану» фазалары байқалады, Жамбыл облысының Жамбыл, Қордай, Мерке және Шу аудандарында жаздық арпа жинауға кіріскен. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Елдің *солтүстік* бөлігінде жаздық бидай дақылдарында көбінесе «түтікке шығу»-«гүлдену» даму фазасы байқалады. Жаздық арпа егістіктерінде «топырақ бетінен төменгі сабақ түйіннің пайда болуы»-«масақтану», Солтүстік Қазақстан облысының Ғ.Мүсірепов (Новоишимский агропосты) ауданында «дәннің сүттенуі» және Қостанай облысының Қарасу ауданында (Железнодорожный метеостанциясы) «дәннің уыздануы» даму фазалары байқалады. Жаздық дәнді дақылдар мен егістіктердің жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық.

Елдің *батысында* жаздық дәнді дақылдардың егістіктерінде «масақтану»-«дәннің сүттенуі» даму фазалары байқалады, өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық.

Еліміздің *солтүстік-батысында* Ақтөбе облысы Мартук ауданы Мартук метеостанциясының маңайында сұлы егістіктерінде «дәннің уыздануы» даму кезеңі байқалады, өсімдіктердің жағдайы жақсы. Мартук және Қарғалы аудандарында жаздық арпа егістіктерінде «гүлдену», кеш себілген жекелеген егістіктерде «түтікке шығу», Мартук, Хромтау және Әйтекеби аудандарында жаздық бидай егістіктерінде «топырақ бетінен төменгі сабақ түйінінің пайда болуы»-«масақтану» даму фазалары байқалады, өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы.

*Шығыста* Абай облысының Үржар, Жарма және Бородулиха аудандарында жаздық бидай егістіктерінде «гүлдену»-« дәннің сүттенуі», Жарма ауданында жаздық арпа егістіктерінде «дәннің уыздануы» даму фазалары

байқалды. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы. Шығыс Қазақстан облысында жаздық дәнді дақылдардың егістіктерінде «масақтану»- «гүлдену», Глубокое (Секисовка метеостанциясы) ауданында «түтікке шығу» даму фазасы байқалады. Шемонаиха метеостанциясының жанында жаздық арпа дақылдарында «масақтану» кезеңі байқалған. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

*Орталықта* Қарағанды облысының Абай ауданында жаздық арпа егістіктерінде «дәннің уызлануы», Нұра, Қарқаралы, Ақтоғай, Осакаров аудандарында «масақтану» даму фазалары байқалады. Қарқаралы, Осакаров, Нұра және Бұқар Жырау аудандарында жаздық бидай егістіктерінде «масақтану»- «гүлдену» даму кезеңі байқалады. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе өте жақсы және жақсы.

Елдің *шығысында* күнбағыс дақылдарында «гүл шоғырларының пайда болуы»-«гүлдену», елдің *солтүстігінде* «гүл шоғырларының пайда болуы» даму фазасы байқалады. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Елдің *оңтүстігінде* мақта алқаптарында «гүлдену» даму кезеңі байқалаған. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Қызылорда облысының Шиелі ауданында және Жетісу облысының Қаратал ауданында күріш егістіктерінде «түтікке шығу» даму кезеңі байқалған. Өсімдіктердің жағдайы жақсы.

Онкүндіктің соңғы күні эдификатор-өсімдіктердің жай-күйін жалпы бағалау қанағаттанарлықтан өте жақсыға дейін болған. Көптеген жайылымдарда көбінесе өсімдіктердің жағдайы қанағаттанарлық және жақсы, Алматы, Жамбыл және Маңғыстау облыстарының жекелеген аудандарында өте жақсы болып бағаланған.

Шілденің бірінші онкүндігінде топырақ ылғал қорын аспаптық бақылау нәтижелері бойынша астық егетін өңірлерде (Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары) топырақтың бірқалыпты және оңтайлы ылғалдылығы көбінесе жарты метрлік және метрлік қабаттарда байқалған, ал бақылау учаскелерінің көпшілігінде топырақтың беткі қабатында ылғал қорының төмендеуі жалғасуда.